

№ N00055 28.02.2023 ж

## ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ОЙ-ӨРІСІН ДАМУ

**ЭШНАЗАРОВА КАРИМА ТУЛЕПБЕРГЕНОВНА**

*Қарағанды облысы Приозерск қаласы*

*"Балбөбек" бөбекжайы КМҚК*

*Тәрбиеші*

Мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Ойын - жалпы адамзат мәдениетінің бірегей феномені, оның қайнар көзі мен шыңы. Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады,

дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді, көңіл көтертеді, дем алдырады, сонымен қатар, ол сықақтап, күлдіріп, кез-келген әлеуметтік мәртебенің шартты екендігін көрсетеді

Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Ұлы педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек.

Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарында өлі-тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырылады.

Ойын бала үшін — нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. А.П.Усова былай деп атап көрсетті: «Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру — оларды тәрбиелеу деген сөз. Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршіліктеді». Ойын мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі іс - әрекетінің бір түрі. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады.

Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш-жігерін жұмсап, сезініп білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді. Бүгінгі күн талабы – баланың ақыл - ойын парасаттылығын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу. Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек.

Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау мектепке дейінгі мекеме педагогтарының негізгі міндеті

Ойын барысында балалар педагогпен бірлесіп ереже бойынша қызықты тапсырмалар орындап, жағымды қарым – қатынас жасауы балалардың эмоционалды көңіл – күйлерін көтереді, сондықтан да дидактикалық ойынға қажетті құрал – жабдықтар, атрибуттар айшықты, мазмұнды безендірілуі де өте маңызды. Балалардың интеллектуалдық дамуына әсер ететін жаңа ойын технологиялары да біздің балаларға танымал. Мысалы: Логикалық тізбек ойындары. Логикалық ойлау арқылы бала саралау, салыстыру, жинақтау сияқты өз бетімен іс – қимылдар жасауды үйренеді. Баланың логикалық ойлауы өздігінен қалыптаспайды, оның дамуына мақсатты түрде білім беру мамандарының, ата - аналардың, балалардың бірлескен жүйелі жұмысы қажет. Балалар ойыны заттық – қол қимылының (пирамида жинау, текшелерден үй құрау) даму жолынан бастап интеллектуалды даму ойынына дейін жетеді. Логикалық ойлауды дамытудың негізгі рөлі математикалық ойындарға жатады. Бұл ойындар арқылы баланың интеллектуалды дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді игерумен бірге, ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің; танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуын қамтиды. Мысалы,

«Суреттерді есте сақта», «Керекті фигураны тап», «Қызықты геометрия», «Лабиринт ойындары» және т.б.. «Ойы саяздың, тілі саяз» деген ұлғатты сөз бекер айтылмаған. Ойлау негізі баланың сөйлеу тілін де қалыптастырады. Қорытып айтқанда, балаларды интеллектуалды дамыту тәрбиесі білімді тереңдетуге, бекітуге, оның тәжірибелік мәнін түсінуге септігін тигізеді. Баланың өмірге қадам басқандағы алғашқы қимыл әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тану, еңбекке танысы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын түрінде қалыптасады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс - әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай - ақ заман ағымына да белсене қатысады.

Балабақшаларда оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.

Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеті. Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Адамды өжеттілікке, шапшандыққа, ептілікке, батылдыққа, байсалдыққа, тапқырлыққа үйрететін де ойын. Бала үшін ойын өзін - өзі жетілдіру мен өзін - өзі көрсетудің құралы. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу іс - әрекетін ойын түрінде күрделендіре түсу керек.

Ойын баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, оның қиялын дамытады. Бала жалғыз ойнағанды ұнатпайды, ол қатар құрбыларымен бірлесіп ойнай отырып бір - бірімен қарым қатынас жасайды.

Оқу ісі - әрекетінде қолданатын ойын түрлері мынадай топтарға бөлінеді.

Ойынның түрлері:

- Ұлттық ойындар
- Сюжетті рольді ойындар
- Педагогикалық ойындар
- Дидактикалық ойын
- Шығармашылық ойын
- Қимылды ойындар

Педагогикалық ойын технологиясы дегеніміз - педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы.

Дидактикалық ойындар арқылы оқу іс - әрекеті барысында балаларды қызықтыру мақсатында қолданылады және мектеп жасына дейінгі ұйымдардың барлығында да, оқу іс - әрекеті ойын түрінде өткізіледі. Оқу іс - әрекеті барысында ойын түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылады.

Тәрбиеші ойынға тек қана баланы қызықтырып қоймай, бес саланы білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады.

Педагогикалық ойын технологиясы дегеніміз - педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы.

Дидактикалық ойындар арқылы оқу іс - әрекеті барысында балаларды қызықтыру мақсатында қолданылады және мектеп жасына дейінгі ұйымдардың барлығында да, оқу іс - әрекеті ойын түрінде өткізіледі. Оқу іс - әрекеті барысында ойын түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылады.

Тәрбиеші ойынға тек қана баланы қызықтырып қоймай, бес саланы білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады.

Ойын түрлерінің тәрбиелік мәні зор, ол әрбір адам денесінің дамып жетілуіне пайдасы мол. Ойын үстінде балалардың бойындағы барлық дерлік психологиялық процестері, сезімдері мен эмоциялары, ерік - жігер қасиеттері шыңдалады, мінез - құлық айқындала түседі.

Бала өзіне жаңалық болып сезілген әрқилы нәрселерге еліктегіш келеді. Бала осы қасиетімен өз қабілетімен ерекшеліктерін аңғартады. Баланың жағымсыз мінезінің байқалатыны да осы тұста. Тәрбиеші ойын барысында тілдің дыбыстық мәдениетінің барлық жақтарын жетілдіруге, сұраққа толық жауап беруге, баланы үйретіп отыруы керек.

Үлкендер өзіне тән ерекшеліктерін еңбектену барысында көрсетсе, мектеп жасындағы балалар сабақ үстінде, ал мектеп жасына дейінгі балалар өз психологиясын ойын үстінде байқатады. Балалар ойын арқылы күрделі әрекеттерді, білімді үйренеді және үлкендер де үйретуге тиісті. Ойынның өз мақсаты, жоспары болады. Ойын мен еңбектің бір - біріне ұқсас сипаттары көп, кейбір педагогтар, ғалымдар «Жақсы ойын - жақсы жұмыс сияқты да, ал жаман ойын - жаман жұмыс сияқты» деген. Баланың қуанышы мен реніші ойын арқылы байқалады

Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшеліктері: бала ойланады, эмоциялық әрекетке ұшырайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды. Мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өздігіндей қуаныш, реніш сезімге бөленеді. Ойын арқылы балалардың сөйлемдерді айту, сөйлем құрай білу, сурет бойынша әңгіме құрап айта білу, сондай - ақ әр баланы сөйлете отырып өз ортамен қарым - қатынасқа түсіп ашылуына себеп болады.

Ойындарда күтілетін нәтижелер:

1. Ойын - тәрбие құралы, ақыл - ойды, тілді ұштастырады, сөздік қорды молайтады, өзін қоршаған ортаны танып, мейрімділік сезімге тәрбиелейді.
2. Еркін мінез – қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.
3. Ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.
4. Эстетикалық тәрбие беру құралына айналады.
5. Еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.

6. Дене күшінің жетілуіне көмектеседі.

Демек, ойын баланы жан - жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы танып түсінуге де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып бір – бірімен жақсы қатынаста болады. Ойын үстінде де бала өз денсаулығын қимыл арқылы нығайтады. Ойынның қандай түрі болмасын атадан балаға яғни ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмір қажеттіліктерінен туады. Психологиялық жақтан денсаулықты нығайтуға негізделген.

Қорыта келе айтқанда:

Ойын мектепке дейінгі балалардың негізгі іс - әрекеті. Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты. Ойын арқылы балалар қоғамды тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Бір сөзбен айтқанда, ойын баланың жан - жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл - қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым - қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Ойын - бала үшін біліктіліктің қайнар көзі. Сондықтан жас өрендер ойнай отырып ойлай білсін. Ойын көп жоспарлы, күрделі педагогикалық процесс болғандықтан мектепке дейінгі жастағы балаларды оқытудағы ойындық әдіс болып табылады. Оқыту формасы балаларды жан-жақты тәрбиелеудегі негізгі құрал болып есептеледі. Жас жеткіншектердің білімді, білікті болуында ойынның алатыны орны өте ерекше. Дидактикалық ойын арқылы балалардың білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болса, ұлттық ойындарымыз арқылы баланы алғырлыққа тәрбиелейміз. Мазмұны бойынша барлық ойындар балабақша бүлдіршіндерінің ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Бұл дидактикалық, логикалық, сюжеттік, қимылдық ойындар балабақша бүлдіршіндердің сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі.

## МЕНИҢ СҮЙІКТІ ОЙЫНШЫҒЫМ

**ЕРЕКЕЕВА ГАУХАР КАСҚЫРБАЕВНА**

*Қарағанды облысы Приозерск қаласы*

*"Балбөбек" бөбекжайы КМҚК*

*Тәрбиеші*

**Мақсаты:** Ойыншықтар жайында әңгімелесу арқылы, балалардың түрлі әрекеттердегі және алуан түрдегі ауызша және байланыстыра сөйлеулерін дамыту.

**Міндеті:** Ойыншықтар туралы әңгімелесу, оларды сипаттап айтуға үйрету. Сөздік қорын толықтыру.

**Тәрбиелігі:** Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты ойнауға тәрбиелеу .

**Көрнекіліктер:** ойыншықтар, үле стірмелі суреттер (қонжық , мәшине , доп ).

**Сөздік жұмыс:** қонжық, мәшине, доп .

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің барысы:**

**1. Ұйымдастырушылық кезең.**

М.Әлімбаевтың «Ойыншықтар» өлеңін оқып беру:

Біздерде бар қуыршақ,

Бұзау, қозы, құлыншақ.

Ойыншықтар тыңдайды,

Айтқаныңнан шықпайды.

**2. Негізгі кезең**

Өлеңнің мазмұнын түсіндіріп, өлең жолдарын жаттауға ұсыныс жасайды. Бүгінгі оқу қызметінде ойыншықтармен танысатындықтарын айтып, балалардан топта, үйлерінде қандай ойыншықтар барын сұрайды.

– Сенің қандай ойыншығың бар?

Әр баланың жауабы тыңдалады.

– Ойыншықтарыңды жақсы көресің бе?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

– Ойын шығың қандай? (Үлкен, кішкентай).

– Сен ойыншықтармен ойнап болған соң, орнына жинайсың ба?

– Ойыншықтардың тұратын жерін білесің бе?

Ойыншықтарды лақтырмай, сындырмай, ұқыпты ойнау керектігін айтады.

Балалар өлеңді қызығушылықпен тыңдайды.

**Ғажайып сәт :** «Сиқырлы сандық».

– Кәне, сандықта не бар екен ?

– Қонжық, мәшине, доп бар екен.

– Енді осы ойыншықтарға әңгіме құрайық . Әңгіме құрауға көмектеседі.

Қонжық, мәшине, доп туралы түсіндіреді.

– Менің ойыншық қонжығым бар. Қонжықтың екі құлағы, төрт аяғы бар. Қонжығым өте сүйкімді.

**Сергіту сәті:**

Добым, добым домалақ,

Қайда кеттің домалап?

Үлестірмелі суреттермен «Не артық?»

**Дидактикалық ойыны** ойнатады . Суреттен не артық екенін табады.

– Суретте гүл артық, өйткені ол ойыншық емес т.б.

**3. Рефлексия .**

Балаларға сұрақтар беріп, қайталатады. Педагог қорытынды жасайды, мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**

**жасайды:** ойыншықты сипаттауды;

**түсінеді :** ойыншық туралы түсінікті;

**қолданады:** өлең жолдарын жаттауды.

«РАЙХАН ГҮЛІ» (ертегі)

**ТЛЕУБЕКОВА КУМИС БАХТЫБЕКОВНА**

*Қарағанды облысы Приозерск қаласы*

*"Балбөбек" бөбекжайы КМҚК*

*Тәрбиеші*

**Мақсаты:** Ертегі мазмұнын эмоционалды қабылдай білу. Сұрақтарға жауап бере отырып, мазмұнын айтып беру.

**Көрнекіліктер:** гүлдер туралы слайд, фланеграф райхан гүлі ертегісі туралы

**Полингвальды компонент:** гүлдер-цветы- flowers ,райхан гүлі-цветок

Балалар көңіл күйлерің қалай?

-Тамаша. Олай болса, қонақтармен амандасып алайық., бүгінгі күніміз сәтті, көңілді өту үшін жылулық шеңберін құрайық.

**Шаттық шеңбері**

Біз қандаймыз, қандаймыз,

Шұғылалы таңдаймыз

Күлімдеген күндейміз

Ренжуді білмейміз

Біздер жақсы баламыз

Өсті ақыл санамыз

Қонақтармен ең алғаш

Амандасып аламыз

Сәлеметсіздер ме, апайлар!

Балалар енді жаймен орнымызға отырайық. Олай болса мен сендерге жұмбақ жасырайын. **Жұмбақ жасыру**

Аналарға сыйлайтын, Аралар бал жинайтын. Бұл не балалар, Үзуге адам қимайтын. (гүл),

Бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы: Райхан гүлі деп аталады.

Гүл дегеніміз-өсімдік, олар өмір сәні, табиғат көркі. Гүлдердің тамыры, сабағы, жапырағы күлтесі болады. Гүлдер дала гүлдері, бақша гүлдері, бөлме гүлдері болып бөлінеді. Дала гүлдеріне өздеріміз білетін бәйшешек, қызғалдақ раушан, түймедақ, райхан гүлдері т.б гүлдер жатады. Дала гүлдері күтімді көп қажет етпейді. Ал, бөлме гүлдері күтімді қажет етеді.



Оны күнделікті су құйып, топырағын қопсытып, шаңын сүртіп тұрмаса гүл өліп қалуы мүмкін. Гүлдерді жайдан жай өсірмейді. Гүлдер терезелердің алдына сән бергенімен қоймай, бөлме ауасын тазартады, адамдарға жақсы көңіл-күй сыйлайды. Гүлдердің де жаны бар, адамдармен сөйлескендей, олармен де сөйлесіп, өз ілтипатыңды білдіріп, баптап, күтіп, сүйіспеншілікпен қарап, еркелетіп тұру қажет. Гүлдердің түрлері өте көп. Балалар мынау райхан гүлі. Емдік өсімдіктердің бірі. Бұл гүлден емдік дәрі дайындайды.

Билингвальды компонент: гүлдер, райхан гүлі-цветок

Ғажайып сәт: Осы кезде есік қағылады. Сәлеметсіздер ме, балалар!

Мен Гүл ханшайымы боламын. Сіздер мен туралы айтып жатыр екенсіңдер. Мен сендерге қонаққа келдім.

Гүл ханшайымы төрлетіңіз.

---Гүл ханшайымы: мен де құр келгенім жоқ өзіммен бірге райхан гүлінің суретін ала келдім. Райхан гүлінің күлтелерін бояп маған көмектесіңдерші. Енді Гүл ханшайымына біз әдемілеп, райхан гүлінің күлтелерін бояп берейік. Триз әдісі арқылы саусағымызбен дайын бояуды райхан гүлінің күлтелеріне жағып бояймыз.

Бүгін біз райхан гүлі туралы ертегімен танысамыз. Барлығымыз мұқият тыңдаймыз.

Баяғы өткен заманда райхан гүлі өмір сүріпті. Райхан гүлінің басқа достары болмапты. Бір күні күн бұлттанып, жаңбыр жауа бастайды. Райхан гүлі жаңбырдан қаша алмайды. Жаңбыр жауып, басылған соң, күн қайта ашылады. Кейін райхан гүлінің көңілі көтеріліп, қуанады. Бір кезде оның басындағы тұқымы жерге себіледі. Райхан гүлі оны байқамайды. Райхан гүлі тағы да менің достарым жоқ, деп мұңайып жылай бастайды. Қарап тұрған күннің көзі жабылып, тағы да жаңбыр жауады. Жаңбырдан соң, райхан гүлі жан-жағына қараса кішкентай-кішкентай гүлдердің шыға бастағанын көреді. Райхан гүлі: «Енді менің достарым көбейді, алақай!» - деп қуанды. Содан бері райхан гүлдері жерге шыға бастапты.

–Ертегі қандай гүл туралы - райхан гүлі

Райхан гүлінің достары болған ба?

-Жоқ

Балалар, райхан гүлінің тұқымы жерге түскеннен соң достары көбейді ме?

-Иә

**Сергіту сәті**

Біздің райхан гүлдер,

Жапырақтарын жаяды.

Сәл үф етіп жел соқса,

Діріл қағып тоңады.

Біздің райхан гүлдер,

Жапырақтарын жабады.

Басын сәл шайқап,

Тыныш ұйықтап қалады.

Гүл ханшайымы:Маған гүл туралы тақпақ айтып беріндерші .

Гүлдер ,гүлдер көп гүлдер,

Қызыл гүлдер ,көк гүлдер.

Өсе берші нұрланып,

Өсе берші ырғалып.

–Гүл ханшайымы балалар ,енді мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр.

Гүлдер мен көбелектер. Барлығымыз орнымыздан тұрамыз бәріміздің қолымызда әртүрлі көбелектер бар. Музыкамен балалар гүлдерге ұқсап, қозғаламыз,гүлдерге ұқсап қуанамыз.Музыка тоқтағанда мына жердегі гүлдің түсіне байланысты қолымыздағы көбелектерді гүлге қондырамыз.

–Гүл ханшайымы балалар менің кететін уақытым болды. Маған райхан гүлінің суретін бояп, бердіңдер.Мен райхан гүліне апарып, достарының көп екендігін айтайын. Сендерге көп-көп рахмет.

–Сау болыңдар ,балалар.

-Балалар бүгін біз қандай ертегімен таныстық?

-Бізге қонаққа кім келді?

-Қандай ойын ойнадыңдар?

-Жарайсыңдар!

Бүгін барлығың да оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар сендерге сыйлық беремін.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**гүлдерді,гүлдердің қайда өсетінін,гүлдер туралы тақпақты біледі;

**Игереді:** ойын шартын ,райхан гүлін бояуды игерді;

**Меңгереді:** райхан гүлі туралы ертегіні меңгерді;

№ N00060 28.02.2023 ж

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ПАТРИОТТЫҚА ТӘРБИЕЛЕУ

**КУЛИМБЕТОВА КЛАРА БУНИЯТОВНА**

*"Байжігіт" бөбекжай балабақшасы ЖШС*

*Тәрбиеші*

**Мақсаты:** Патриоттық тәрбие мәселелері бойынша мектеп жасына дейінгі балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы педагогтардың білімдерін жүйелеу. Мектеп жасына дейінгі балалардың туған елінің тарихи-табиғи ерекшеліктеріне негізделген отбасына, қаласына, табиғатына, мәдениетіне деген патриоттық көзқарастары мен сезімдерін қалыптастырудың заманауи талаптары туралы тәрбиешілердің білімдерін бекіту, өз халқының өткеніне, бүгініне, болашағына деген құрметі, өзге ұлт өкілдеріне төзімділікпен, сыйластықпен қарауы.

**Өткізу формасы:** «Дөңгелек үстел»

**Педагогикалық кеңеске алдын ала дайындық жұмыстары:**

- Тәрбиешілерге арналған тақтада жоспарланған педагогикалық кеңес туралы ақпарат парағын жасау
- «Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру тобының қоршаған орта жағдайын талдау» жедел бақылау жүргізу.
- «Патриоттық тәрбие» әдістемелік кабинетінде тақырыптық көрмені безендіру (әдебиеттер, тәжірибелер, әдістемелік әзірлемелер, оқу құралдары).
- Тәрбиешілерге кеңес өткізу: «Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру» (әдіскер).
- Мектепалды даярлық топтарында «Отбасымның Елтаңбасы» тақырыбында сайыс өткізу.
- «Балаға патриоттық тәрбие беру» тақырыбы бойынша ата-аналар арасында сауалнама жүргізу.
- «Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру бойынша менің жұмыс жүйем» тәрбиешілерге сауалнама жүргізу.

- Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудегі педагогтың жұмысын талдау» тақырыптық бақылау жүргізу.

## Күн тәртібі

- 1. Кіріспе. Педагогикалық кеңес тақырыбының өзектілігі.** Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша мектепке дейінгі мекеме мен бастауыш мектеппен сабақтастықтың заманауи жағдайында балалармен оқу қызметін ұйымдастыру.
- 2. Бәріміз жас ұрпақты азаматтық, патриоттық рухта тәрбиелеудің маңыздылығын жақсы білеміз.** Патриоттық сезім өздігінен пайда болмайды. Бұл адамға өте ерте жастан бастап ұзақ мерзімде мақсатты тәрбиелік ықпал етудің нәтижесі. Педагогика классиктерінің Я.А.Каменский, А.С.Макаренко, В.А. Сухомлинский өз еңбектерінде патриоттық тәрбие тақырыбын көтерді. Л.Н. Толстой, К.Д. Ушинский, Е.И. Водовозов балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеуді мектепке дейінгі жастан бастау керек деп есептеді. Қ.Д. Ушинский білім беру жүйесін халықтың тарихы, оның материалдық және рухани мәдениеті жасайды деп есептейді. Патриоттық тәрбие процесінде мектепке дейінгі және бастауыш білім арасындағы сабақтастық орасан зор рөл атқарады. Үздіксіздік ұғымы кең мағынада түсіндіріледі – әрбір жас кезеңі үшін жалпы және нақты мақсаттары бар баланы тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі ретінде, яғни. - бұл дамудың әртүрлі кезеңдері арасындағы байланыс, оның мәні жаңа күйге өту кезінде тұтаснемесе жеке белгілердің белгілі бір элементтерін сақтау болып табылады. «Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру» тақырыбы бойынша оқу-тәрбие процесінің мазмұны мен ұйымдастыру үлгілерін жасау және сынау мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың дәйекті дамуына ықпал етеді.
- 2. Патриоттық тәрбие бойынша жұмысты дұрыс құру үшін нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алып, құжаттарды негіздеу.**
- 3. Төртінші мәселе бойынша «Халықтардың салт-дәстүрлері мен мәдениеті...» тақырыбында адамгершілік-патриоттық тәрбие беру жобалары бойынша елдерді таңдау және белсенді талқылау.** (таңдалған елдің атауы). Осы жоба аясында не істеу керектігі талқыланып, жобаларды қорғаудың шамамен мерзімі белгіленді.

4. Педагогикалық кеңестің алдында «Баланы патриоттыққа тәрбиелеу» тақырыбында ата-аналар мен педагогтар арасында сауалнама жүргізіліп, ересек және мектепалды даярлық топтарындағы тәрбиешілердің жұмысын тақырыптық тексеру және бағалау жүргізілді.

**Ата-аналардан анонимді түрде келесі сұрақтарға жауап беру ұсынылды:**

- «Патриоттық тәрбие» дегенді қалай түсінесіздер?
- Балабақшада патриоттық тәрбие мүмкін бе?
- «Патриот болу» сөзі нені білдіреді деп ойлайсыз?
- Балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеуде басты жауапкершілік кімге жүктеледі деп ойлайсыз?
- Сіздің ойыңызша, қазіргі қоғамда отбасы шежіресімен танысу тақырыбы өзекті ме?
- Сіздің үйіңізде отбасылық дәстүрлер бар ма? Қайсысы?

**5. Педагогикалық кеңестің шешімі:**

- 1) Мектеп жасына дейінгі және ересек жастағы балаларды патриоттыққа тәрбиелеу бойынша тәрбие жұмысының күнтізбелік және перспективалық жоспарын талдау.
- 2) Оқу жылына арналған жыл сайынғы міндеттердің бірі ретінде мынадай тапсырма алынсын: «Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ халқының мәдениетінің бастауларымен таныстыру арқылы патриоттық тәрбие беру».
- 3) «Халықтардың дәстүрлері мен мәдениеті...» тақырыбында жобалар бойынша шеберлік сыныбын өткізу. Жобаларды құру үшін жинақталған практикалық материалды қорытындылау.
- 4) Ата-аналарға кеңес беру: «Балаңызбен қайда бару керек?», «Бос уақытыңызды қалай өткізуге болады?».
- 5) Ересек және мектепалды даярлық топтарында «Мен және менің Елордам» сайысын өткізу. Байқау шарттары: балалар мен олардың ата-аналарының қаладағы сүйікті орындарының фонындағы, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласының көрікті жерлерінің фонындағы шағын әңгімелері мен фотосуреттері.

## **МАЗМҰНЫ**

- ЭШНАЗАРОВА КАРИМА ТУЛЕПБЕРГЕНОВНА
- ЕРЕКЕЕВА ГАУХАР КАСКЫРБАЕВНА
- ТЛЕУБЕКОВА КУМИС БАХТЫБЕКОВНА
- КУЛИМБЕТОВА КЛАРА БУНИЯТОВНА